

**«Астана даму орталығы» ЖШС**  
**сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ішкі талдау нәтижелері туралы**  
**ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

«Астана даму орталығына» сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:**

«Астана даму орталығы» ЖШС (одан әрі - Серіктестік)

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негізі:**

- Мемлекет басшысының 2020 жылғы 01 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс шаралар жоспарының №116 тармағын орындау  
- серіктестіктің Басқарма Төрағасының 2023 жылғы бірінші тоқсандағы 2021 жылғы 17 мамырдағы №231/1-ОД бұйрығы

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі:**

01.04.2023жыл -30.60.2023жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі дербес құрам:

Серіктестің коемпланс офицері – А.Ж.Байканов

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау келесі бағыттар бойынша өткізілді:**

- 1) Серіктестіктің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды анықтау бөлігінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
- 2) Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**1.Серіктестіктің қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Серіктестіктің жалғыз қатысушысы "Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлік басқармасы" мемлекеттік мекемесі болып табылады БИН 010840001484 мекен-жайы: Астана қаласы Сарыарқа ауданы Бейбітшілік көшесі, 11 үй.

Серіктестіктер өз қызметін «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-1 ҚР Заңына, Жарғыға, ҚР ішкі нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

Серіктестік қызметінің негізгі бағыттары болып табылатыны:

Қазақстан Республикасына инвестициялар тарту жөніндегі іс-шараларды (жобаларды) іске асыруға жәрдемдесу, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес сервистік қолдау.

талдау барысында қоғамның және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін Жарғы мен ішкі нормативтік құжаттар зерделенді. Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелер анықталған жоқ.

### **Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысымы**

Серіктестіктің штат саны 56 бірлікті құрайды.

Серіктестікте жоспарланған кезеңде 9 қызметкер жұмыстан босатылып, 14 қызметкер қабылданған.

Қызметкерлерді жұмыстан шығарудың негізгі себептері тараптардың келісімі бойынша болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту жоқ, сондай-ақ серіктестік қызметкерлерінің қылмыстық және әкімшілік сипаттағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны анықталмаған.

Серіктестік басшылығы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген барлық әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етеді.

### **Мүдделер қақтығысын реттеу**

серіктестікке ішкі талдау жүргізу барысында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Жақын туыстары (ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары және (асырап алушы), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты бос лауазымдарға орналасу кезінде аффилиирлену фактілері анықталған жоқ.

Серіктестіктің барлық қызметкерлері міндетті түрде серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы танысады.

Персоналды басқарудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, мүдделер қақтығысының болу фактілері, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды бұзу анықталған жоқ.

Серіктестік қызметкерлерінің ешқайсысы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны бойынша тартылған жоқ.

### **Сатып алуды жүзеге асыру талдауы**

Серіктестіктің тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға жүргізілген талдау серіктестіктің Мемлекеттік сатып алуы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен реттелетіндігіне байланысты Мемлекеттік сатып алу бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоқ, сондай-ақ серіктестіктің Мемлекеттік сатып алуы электрондық түрде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүргізілетінін көрсетті.

Бұл ретте серіктестікте Мемлекеттік сатып алуды өткізу тәртібі серіктестіктің Басқарма Төрағасының бұйрығымен реттелген, онда

мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды орындауға жауаптылар анықталған.

Бұдан басқа, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасу кезінде Серіктестік тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді әлеуетті жеткізушілерден коммерциялық ұсыныстар сұратады.

Серіктестік конкурстық өтінімдерді қарау бойынша конкурстық комиссиялары құрылған.

### **Мемлекеттік қызмет көрсету.**

Серіктестік Мемлекеттік қызметтер көрсетпейді, бұл ретте серіктестік кәсіпкерлік субъектілеріне тапсырма шарттарының талаптарын орындау кезінде консультациялық қызметтер көрсетеді.

### **Рұқсат беру функцияларын іске асыру**

Серіктестікте рұқсат беру функциялары жоқ.

### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар**

Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша шешім:

1. Қоғамның Басқарма Төрағасына қарау үшін талдамалық анықтама енгізу
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері қоғамның корпоративтік порталында орналастырылсын.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін талқылауға жіберу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі алқалы , консультативтік-кеңесші органдардың отырыстарында жария ету.

### **Қорытынды бөлім**

Қабылданып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жақсарту бойынша ұсыныстар

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында жұмыс тобы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтай отырып, Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бойынша жұмысты жалғастыруы қажет
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бөлімнің интернет-сайтында орналастырылсын.

**Коемпланс офицері**

**А.Ж.Байканов**